

## Оралмандардың отбасылары үшін тұрғын үй сатып алу қағидасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімдігінің 2003 жылғы 10 қарашадағы N 242/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 8 желтоқсанда N 2135 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 244/9 қаулысымен.

*Сноска. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 244/9 қаулысымен.*

1997 жылғы 13 желтоқсандағы "Халықтың көші-қоны туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 6 қаңтардағы "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" N 3 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 52 бұйрығына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған оралмандардың отбасылары үшін тұрғын үй сатып алу қағидалары бекітілсін.

2. Оралмандардың отбасылары үшін тұрғын үй сатып алу қалалар мен аудандар әкімдерінің басшылық етуімен халықты әлеуметтік қорғау қалалық басқармалары мен аудандық бөлімдеріне жүктелсін.

3. Халықты әлеуметтік қорғау қалалық басқармалары мен аудандық бөлімдері әр айдың 4 - күніне облыс халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту департаментіне "Түркістан ауылынан көшіп келгендер - оралмандар отбасылары мен Қазақстан Республикасы азаматтары үшін тұрғын үйлерді сатып алу, құрылысын салу, қайта құру және күрделі жөндеу" 053 облыстық бюджеттік бағдарламасы бойынша ақшалай қаражаттың игерілгендігі туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Жұмабековаға жүктелсін.

*Облыс әкімі*

Облыс әкімдігінің  
2003 жылғы "10" қараша  
"Оралмандардың отбасылары  
үшін тұрғын үй сатып алу

қағидасын бекіту туралы "

№ 234/10 қаулысымен

бекітілген

## **Оралмандардың отбасылары үшін тұрғын үй сатып алу Қағидасы**

Оралмандардың отбасылары үшін тұрғын үй сатып алудың осы қағидасы (бұдан әр - Қағида) Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы "Мемлекеттік сатып алу туралы", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы", 1997 жылғы 13 желтоқсандағы "Халықтың көші-қоны туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 мамырдағы № 605 қаулысымен бекітілген оралмандардың отбасылары үшін тұрғын үй сатып алу ережелеріне, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2003 жылғы 6 қаңтардағы "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" бұйрығына № 6 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 52 бұйрығына сәйкес, тұрғын үй сатып алу процесінде ықтимал өнім берушілер мен халықты әлеуметтік қорғау қалалық басқармалары, аудандық бөлімдері (бұдан әрі - Атқарушы орган) арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттеу, оралмандар отбасылары үшін тұрғын үй сатып алу ерекшеліктерін айқындау және республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты тиімді жұмсау мақсатында әзірленді.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) "сатып алынатын тұрғын үйдің түрі" мемлекеттік сатып алуға ұсынылатын жеке тұрғын үй бірліктері (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме);

2) "құзыретті органдар" осы қағидалар шеңберінде тиісті сұраныстар бойынша қажетті ақпарат беретін мемлекеттік органдар.

2. Осы Қағидада, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңында көзделген ұғымдар да п а й д а л а н ы л а д ы .

3. Сатып алынуға тиісті тұрғын үйлердің саны әрбір күнтізбелік жылға арнап Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген оралмандардың көшіп келу квотасына сәйкес және өткен жылдардың көшіп келу квотасы бойынша жинақталып қалған оралмандарға тиесілі берешекті өтеу үшін республикалық бюджеттен көзделген қаражат ескеріле отырып, айқындалады.

4. Оралмандар үшін сатып алынатын тұрғын үйлер Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасында көзделіп, белгіленген техникалық, санитариялық және басқа міндетті талаптарға сай және қоныстандыруға дайын болуға тиіс.

## **2. Оралмандардың отбасылары үшін тұрғын үй сатып алу жөніндегі конкурсты ұйымдастыру тәртібі**

5. Атқарушы органның басшысы өзінің құзыреті шегінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес оралмандар үшін тұрғын үйлерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды, сатып алынатын тұрғын үйлер санын, сондай-ақ бюджеттік бағдарламада көзделген қаражат шегінде сатып алуды қаржыландыру көлемін б е к і т е д і .

6. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізуді тапсырыс беруші жүргізеді, ол мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына сәйкес таңдайды .

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негізгі тәсілі ашық конкурс болып табылады .

7. Тұрғын үйге өнім берушіні анықтауда, конкурсты ұйымдастырушы (бұдан әрі Конкурстық комиссия) құрған конкурстық комиссия жүргізеді. Қажет болған жағдайда мемлекеттік органдардың мамандары (келісім бойынша өтеусіз негізінде) техникалық сараптаушы ретінде жұмылдырылады.

8. Тұрғын үйді мемлекеттік сатып алу үрдісіне байқаушылар ретінде оралмандар Кеңесінің өкілдері тұрғын үй алуға үміткерлер жіберілуі мүмкін.

9. Конкурстық комиссия конкурс құжаттамасында көрсетілген мынадай ө л ш е м д е р д і :

1) тұрғын үй алаңы бірлігіне ең төменгі баға негізінде айқындалған тұрғын үй қ ұ н ы н ;

2) қосалқы үй-жайлары мен үй іргесіндегі аумақтың абаттандырылу элементтерінің болуын ;

3) абаттандырылу дәрежесін, қосымша шаруашылық құрылыстары мен үй іргесіндегі учаскесі (жеке тұрғын үйлер үшін) болуын;

4) орналасқан жерін (ұсынылып отырған ауданда жалпы білім беретін мектептің, мәдени-ағарту, мектепке дейінгі және емдеу мекемелерінің, жалпы жұрт пайдаланатын жолаушылар көлігінің қозғалыс бағыттары және т.б. болуын) ;

5) тұрғын үйдің санитариялық және техникалық нормаларға сай келуін ескере отырып, сатып алынатын жеке әрбір тұрғын үй бойынша ұтып шыққан конкурстық өтінімді айқындайды .

10. Конкурстық комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге

а с ы р а д ы .

Конкурстық комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

### **3. Оралмандардың отбасылары үшін тұрғын үй сатып алудың ерекшеліктері**

11. Сатып алынатын тұрғын үйдің әрбір түрі бойынша екі конкурстық өтінімнен аз табыс етілген жағдайда немесе олар болмаған жағдайда, тұрғын үйдің осы түрін сатып алу жөніндегі конкурс өткен жоқ деп танылады.

12. Сараптау комиссиясы ұсынылып отырған тұрғын үйдің конкурстық құжаттамада көрсетілген өлшемдерге сәйкестігін тексеріп қарауға міндетті, ол актімен ресімделеді және осы актіні Конкурстық комиссияға тапсырады.

13. Сатып алынған тұрғын үй заңнамада белгіленген тәртіпте облыс қалалары мен аудандарының коммуналдық меншігіне есепке алынады.

14. Тұрғын үй есебі мен таратылуын Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына сәйкес қалалар мен аудандардың әкімдіктері жүргізеді.

15. Сатып алынған үй заңнамада белгіленген тәртіпте оралманның меншігіне өтеусіз беріледі.

### **4. Ықтимал өнім берушілер конкурсқа қатысу үшін табыс ететін құжаттардың тізбесі**

16. Ықтимал өнім беруші әзірлеген конкурстық өтінім Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қазандағы N 1158 қаулысымен бекітілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы қағидалардың талаптарына сәйкес келуге ж ә н е о ғ а н қ о с ы м ш а :

1) ұсынып отырған тұрғын үйіне ықтимал өнім берушінің меншік құқығын р а с т а й т ы н ;

2) тұрғын үйдің құзыретті органдар берген техникалық паспорты;

3) жер учаскесінің экспликациясы (жер учаскесі болған жағдайда);

4) сатылатын тұрғын үйге қатысты кедергінің жоқтығы туралы құзыретті о р г а н д а р д а н а н ы қ т а м а ;

5) коммуналдық және басқа да көрсетілетін қызметтерге төлем бойынша берешегі жоқтығы туралы құзыретті органдардан анықтама (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтардың, баждар мен басқа да міндетті төлемдердің және алымдардың барлық түрлері бойынша) құжаттарды қ а м т у ы т и і с .

17. Конкурсқа қатысуға арналған құжаттарды әзірлеу үшін жұмсалған барлық шығыстарды (соның ішінде нотариалдық қызмет көрсетулерге де) ықтимал өнім беруші төлейді.

### **5. Тұрғын үй алаңы нормаларын белгілеу**

18. Сатып алынатын тұрғын үйдің тұрғын алаңы нормасы әрбір оралманның отбасы үшін Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес жеке белгіленеді.

19. Сатып алынатын тұрғын үйдің алаңы нормасын белгілеу үшін оралман аумақтық органдарға:

- 1) отбасының құрамы туралы анықтама;
- 2) отбасында жүкті болғанына жиырма аптадан асқан әйел бар болса, ол туралы тиісті анықтама;
- 3) тұрғын үйінің және жер учаскесінің жоқ екендігі туралы анықтама;
- 4) бұрын келгендер өздерінің және өздерімен бірге тұрақты тұрып жатқан отбасы мүшелерінің мемлекеттен тұрғын үй және жер учаскесін алмағандығы туралы тұрған жерінен анықтама табыс етеді.

20. Қажет болған жағдайда оралман сондай-ақ отбасында қосымша тұрғын алаңға құқық беретін науқастың ауыр түрінен зардап шегетін адамның бар екендігі туралы құзыретті органдардан алынған тиісті анықтаманы да табыс етеді.

Мүгедектер, қарттар, жүрек-қан тамырлары және басқа ауыр сырқаттар үшін олардың тілектері есепке алына отырып, тұрғын үйді төменгі қабаттардан немесе лифтісі бар тұрғын үйлерден әперу қарастырылады.

21. Сол үшін сатып алынған оралмандар отбасылары көрсетіле отырып, сатып алу қорытындылары бойынша сатып алынған тұрғын үй тізілімі жасалады.

## **6. Қорытынды ережелер**

22. Тұрғын үйді сатып алу туралы шарттардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

23. Тұрғын үйді сатып алу процесінде аумақтық орган мен өнім беруші арасында туындаған даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

24. Тұрғын үйді сатып алу процесіне қатысушылар осы қағиданың талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.